

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балалар құқықтарын қорғау комитеті

**«БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУ
ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ»
әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

Астана қ.

2022 жыл

Әдістемелік құрал ата-аналарға, балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар мен білім беру үйимдарының мамандарына арналған.

«Қазақстандағы балалардың құқықтық қорғалу деңгейі», - Астана қ., 2022 жыл.

Осы әдістемелік құралда 2022 жылы оқушылардың әртүрлі жас санаттары арасында балалардың құқықтық сауаттылығы және құқықтық қорғалу көрсеткіштері мәселелері бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеудің қорытындылары көрсетілген.

Әдістемелік құралда ҚР-дағы балалардың өмірінің әртүрлі салаларындағы құқықтық қорғалуының ағымдағы жай-күйін бағалау, балалардың өз құқықтарын білу және оларды тәжірибеде қолдану деңгейіне мониторинг жүргізу бойынша ақпараттар берілген.

Әдістемелік құрал білім беру үйимдарының басшыларына, сынып жетекшілеріне, әлеуметтік педагогтарға, психологтарға, мұғалімдер мен әдіскерлерге жұмыста қолдануға ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша «Tabiya Consult» ЖШС дайындалды.

МАЗМҰНЫ

<i>Kіріспе</i>	4
1. Зерттеу іріктемесінің сипаттамалары	6
1.1 Зерттеу іріктемесінің географиялық қамттылуы	6
1.2 Зерттеу іріктемесінің демографиялық қамттылуы.....	8
1.3 Респонденттердің материалдық жағдайлары	11
2. Қазақстан Республикасындагы балалардың құқықтық қоргалуының ағымдағы жай-күйін бағалау	17
2.1 Білім алушылар мен ата-аналардың бала құқықтары саласынан хабардар болуы	17
2.2 Баланың өз міндеттерін білуі	26
2.3 Балалардың құқықтық қоргалуын бағалау	28
2.4 Денсаулықты қоргау құқығын сақтау	35
2.5 Баланың өмірге, жеке бас бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығын сақтау	37
2.6 Баланың даралық құқығын және оны сақтауды қадағалау	38
2.7 Баланың тұрғын үйге құқығын сақтау	39
2.8 Білім алу құқығын сақтау. Білім - бұл құқық па, алде міндет не?.....	42
2.9 Баланың еңбек бостандығына құқығын сақтау	43
2.10 Демалыс және бос уақытты өткізу құқығын сақтау	44
2.11 ҚР-дагы бала құқықтарының бұзылуы: заң бұзушылықтардың жисілігі, түрлері	45
2.12 Респонденттердің құқықтық сауаттылық деңгейіне қанағаттану дәрежесі	57
3. Қорытындылар және ұсынымдар	61
1 қосырма	66
2 қосырма	68
3 қосырма	74

КІРІСПЕ

Баланың құқықтары мен занды мүдделерін қорғау Қазақстанның мемлекеттік әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Елде бұл бағытта көп нәрсе жасалуда. Балалардың құқықтарын қорғауға қатысты негізгі халықаралық құжаттар ратификацияланды. Сонымен қатар, жыл сайын балалардың құқықтарын мониторингтеу және қорғау жүйесін жетілдіру мақсатында нормативтік-құқықтық актілерге, зандарға өзгерістер енгізіліп, қажеттілігіне байланысты жаңалары жасалып отырады. Бұл ретте құқықтары мен мүдделерін қорғауда өзекті мәнге ие болатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санатына қатысты мәселелерге ерекше назар аудару қажет.

Бала құқығын қорғау – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Мемлекеттік саясат кәмелетке толмаған баланың құқықтары мен занды мүдделерінің бұзылуына, оған зиян келтірілуіне жауапты лауазымды тұлғалар мен азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің бірлігін, жауапкершілігін қамтамасыз етуге негізделеді, осы құқықтардың қорғалуы мен сақталуына жағдай жасайды.

Бала құқықтары туралы Конвенция адам құқықтары жөніндегі барлық құжаттардың арасынан халықаралық деңгейде кеңінен мойындалған құжат болды. Конвенция балаларға қатысты адам құқықтарының барлық саласын – азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды бір құжатта біріктіреді. Конвенцияны БҰҰ Бас Ассамблеясы 1989 жылы 20 қарашада қабылдады және 1990 жылдың қыркүйегінде күшіне енді. Қазақстан Конвенцияға сәйкес халықаралық міндеттемелерге қосыла отырып, 1994 жылғы 8 маусымда Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады.

Бұл құжат өзіне міндеттемелер қабылдаған және балалардың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған елдерге қолданылады. Конвенцияда кімді "балалар" санатына жатқызуға болатындығы туралы түсініктеме беріледі, сондай-ақ баптар тен дәрежеде бірдей маңызды және қамтамасыз етілуі тиіс құқықтарды қамтиды.


2002 жылы 8 тамызда елімізде "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Заң қабылданды, ол ҚР Конституциясымен кепілдендірілген баланың негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындастын қатынастарды реттейді.

Бұл занда балалардың мүддесіне қатысты мемлекеттік саясаттың мақсаттары, олардың негізгі құқықтары мен міндеттері анықталды. Баланың

отбасындағы, бала мен қоғамдағы қарым-қатынасына, мүгедек баланың құқықтарына және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарына жеке тараулар арналды.

Құқықтық сауаттылықты, құқықтық қорғалуды, бала құқықтарының бұзылу дәрежесін бағалауға арналған әлеуметтанулық зерттеулер балалардың құқықтық сауаттылық деңгейін одан әрі арттырудың, сапалы қызмет көрсету үшін білім беру, әлеуметтік мекемелердің жұмысын реттеудің негізгі элементі болып табылады.

Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі



Зерттеу жүргізу әдістемесі

Әлеуметтік зерттеу репрезентативтілікті сақтай отырып және елді мекендердің типтерін ескере отырып ҚР барлық өнірлерінен сауалнама алу әдісі арқылы жүргізілді. Зерттеу барысында 17 облысты және Республикалық маңызы бар 3 қаланды, 13 шағын қаланды және 50 ауылдық елді мекендердің қоса алғанда, ҚР-ның әртүрлі үлгідегі кемінде 80 елді мекені қамтылды.

Зерттеу мақсаты – Қазақстан Республикасында бала өмірінің әр түрлі салаларында олардың құқықтық қорғалуының ағымдағы жағдайын бағалау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:


- балалардың құқықтық қорғалу деңгейін анықтау;
- балалардың өздерінің құқықтары туралы ақпараттылық деңгейін анықтау;
- балалардың өздерінің міндеттері туралы ақпараттылық деңгейін анықтау;
- өзінің құқықтық білімін тәжірибеде қолдануын анықтау;
- ата-аналардың, педагогтердің, тәрбиешілердің және баланы тәрбиелеуге қатысатын басқа да адамдардың, мемлекеттік қызмет өкілдерінің БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясының негізгі ережелерін орындаудың айқындау;
- мемлекеттік органдарға, білім беру мекемелеріне, мұдделі мекемелер мен ұйымдарына, сараптамалық қоғамдастықтарға арналған ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу жұмысының мақсатты тобы: 10 жас пен 18 жас (қоса алғанда) аралығындағы балалар, ата-аналар.

1. Зерттеу іріктемесінің сипаттамалары

1.1 Зерттеу іріктемесінің географиялық қамтылуы

Әлеуметтанулық саулнама сұрақ-жауап арқылы Қазақстан Республикасының 17 облысындағы барлық жастағы топтардың білім алушылары мен ата-аналары арасында облыстық және аудандық орталықтарды, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерді және республикалық маңызы бар 3 қаланы: Астана, Алматы, Шымкент қалаларын қоса алғанда, әртүрлі үлгідегі елді мекендерді қамти отырып жүргізілді. Саулнамаға қатысқан білім алушылардың саны - 75 618, оның ішінде өнірлер мен қалалар бойынша 1-суретте көрсетілген.




1-сурет. Облыстар бөлінісінде сұралған білім алушылардың саны

Саулнама екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. 75618 респонденттің 46942-і қазақ тілінде, ал қалған 28676 респондент орыс тілінде жауап берді.

Саулнамаға қатысқан ата-аналардың саны 87 169 құрады (сурет.2), оның ішінде қазақ тілінде – 55 213, орыс тілінде – 31 956.

Саулнамаға қатысқан ата-аналардың саны 87 169 құрады (2-сурет), оның ішінде қазақ тілінде сұралғандар – 55 213, орыс тілінде – 31 956.



2-сурет. Облыстар бөлінісінде сұралған ата-аналардың саны

2021 жылы жүргізілген әлеуметтік саулнамамен салыстырғанда 2022 жылы іріктеу көлемі білім алушылар арасында 62 738-ге, ата-аналар арасында 66 902 респондентке артты. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымында болған өзгерістерге байланысты 2022 жылы үш жаңа облыс

құрылды: Ұлытау, Жетісу, Абай облыстары, сондықтан респонденттерге сауалнама 17 облыста және республикалық маңызы бар 3 қалада жүргізілді: Астана, Алматы, Шымкент.

Корытындылар: зерттеу іріктемесін географиялық қамту Қазақстан Республикасының 17 облысының облыстық және аудандық орталықтарын, шағын қалалары мен ауылдық елді мекендерін, сондай-ақ республикалық маңызы бар 3: Астана, Алматы, Шымкент қалаларын қамтиды. Білім алушылар арасында респонденттер саны - 75 618, ата-аналар арасында 87 169 құрады. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым бөлігі Түркістан, Қарағанды, Атырау облыстарынан, Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан болып табылады.

1.2 Зерттеу іріктемесінің демографиялық қамтылуы

Респонденттердің жынысы бойынша бөлінісі 1-кестеде көрсетілген.

Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың 58,2% - ы қыздар, 41,8% - ы ұлдар. Сауалнамаға қатысқан ата - аналардың 95,2% - ы әйелдер, 4,8% - ы ер адамдар. Сауалнамаға барлығы 127 030 қыз/әйел және 35 757 ұл/ер адам қатысты.

1- кесте. Респонденттердің жынысы бойынша бөлінісі

Жынысы	Балалар		Ата-аналар	
	саны	%-бен	саны	%-бен
Қыздар/әйелдер	44015	58,2	83015	95,2
Ұлдар/ерлер	31603	41,8	4154	4,8
Барлығы:	75618	100%	87169	100%


Сауалнамада білім алушылар үшін 10 жастан 18 жасқа дейінгі жас санаттары болып және білім берудің келесі деңгейлері бөлінді (3-сурет):

3-4 сыныптар

5-9 сыныптар


10-11 сыныптар

Колледж



3 - сурет. Білім алушылардың жас санаттары мен білім деңгейі

Ата-аналар келесі жас санаттары мен білім деңгейлерінде ұсынылған (4-сурет):



4-сурет. Ата-аналардың жас санаттары мен білім деңгейі

Сауданамаға қатысқан ата-аналардың 29%-ы 36-40 жас, 25%-ы 31-35 жас, 21%-ы 41-45 жас санаттары бойынша ұсынылған. Құқықтық сауаттылық деңгейін анықтауда ата-аналардың білімі өте маңызды. Осылайша, сұралған ата-аналар арасында басым көпшілігінің (45,5%) білімі жоғары (бірнеше жоғары білімі), 29.8% - орта білімі, 17.4% - арнайы орта білімі бар.

Респонденттердің (білім алушылар мен ата-аналардың) саны облыстар бөлінісінде пайыздық көрсеткішпен 2-ші және 3-ші кестелерде көрсетілген.

2 -кесте. Респонденттердің (білім алушылардың) облыстар бөлінісіндегі саны

№	Облыстар атауы	Сұралған білім	Барлығы	%-бен
---	----------------	----------------	---------	-------

		алушылар саны			
		орыс	қазақ		
1	Абай	341	230	571	0,8
2	Ақмола	651	150	801	1,1
3	Ақтөбе	96	372	468	0,6
4	Алматы	1638	1212	2850	3,8
5	Атырау	1972	4696	6668	8,8
6	Батыс-Қазақстан	302	1976	2278	3,0
7	Жамбыл	1513	1164	2677	3,5
8	Жетісу	1744	1900	3644	4,8
9	Қарағанды	3636	3409	7045	9,3
10	Қостанай	890	273	1163	1,5
11	Қызылорда	21	1396	1417	1,9
12	Манғыстау	74	438	512	0,7
13	Павлодар	249	63	312	0,4
14	Солтүстік-Қазақстан	753	125	878	1,2
15	Түркістан	4419	16921	21340	28,2
16	Ұлытау	113	178	291	0,4
17	Шығыс-Қазақстан	1358	1529	2887	3,8
18	Астана қ.	6094	4398	10492	13,9
19	Алматы қ.	2240	3093	5333	7,1
20	Шымкент қ.	572	3419	3991	5,3
	Барлығы	28676	46942	75618	100,0

3-кесте. Респонденттердің(ата-аналардың) облыстар бөлінісіндегі саны

№	Облыстар атауы	сұраплған ата-аналар саны		Барлығы	% -бен
		орыс	қазақ		
1.	Абай	368	242	610	0,7
2.	Ақмола	542	83	625	0,7
3.	Ақтөбе	162	620	782	0,9
4.	Алматы	822	816	1638	1,9

5.	Атырау	1824	4233	6057	6,9
6.	Батыс-Қазақстан	295	2375	2670	3,1
7.	Жамбыл	1365	1469	2834	3,3
8.	Жетісу	2071	2986	5057	5,8
9.	Қарағанды	4809	5404	10213	11,7
10.	Қостанай	1423	420	1843	2,1
11.	Қызылорда	29	1867	1896	2,2
12.	Маңғыстау	8	460	468	0,5
13.	Павлодар	189	72	261	0,3
14.	Солтүстік-Қазақстан	809	164	973	1,1
15.	Түркістан	7903	22591	30494	35,0
16.	Ұлытау	137	191	328	0,4
17.	Шығыс-Қазақстан	1439	2034	3473	4,0
18.	Астана қ.	7094	6530	13624	15,6
19.	Алматы қ.	176	480	656	0,8
20.	Шымкент қ.	491	2176	2667	3,1
	Барлығы	31956	55213	87169	100,0

Корытындылар: сауданамаға қатысқан білім алушылардың 58,2% - ы қыздар, 41,8% - ы ұлдар. Сауданамаға қатысқан ата - аналардың 95,2% - ы әйелдер, 4,8% - ы ер адамдар. Білім алушылардың жас санаттары 10 жастан 18 жасқа дейін, ал ата-аналардың жасы 20 жас пен 50 жас аралығын құрады.

Білім алушылар арасында ең көп респонденттер Түркістан облысынан (28,2%), Астана қаласынан (13,9%), Қарағанды облысынан (9,3%), Атырау облысынан (8,8%) болды. Сауданамаға қатысқан ата-аналардың басым бөлігі Түркістан облысынан (35%), Астана қаласынан (15,6%), Қарағанды облысынан (11,7%) екенін байқадық. Бұл өнірлерде балалардың құқықтық қорғалуы, балалардың өз құқықтары мен міндеттері туралы хабардар болуы мәселелеріне ата-аналардың ауқымды түрде қатысусы байқалады.

1.3 Респонденттердің материалдық жағдайы


Сауданаманың осы блогының сұрақтары білім алушылар мен ата-аналардың материалдық жағдайын анықтауға бағытталған. 4-кестеде респонденттердің тұру жағдайлары туралы ақпарат берілген. Сауданама деректерінен өмір сұру жағдайлары бойынша халықтың әртүрлі санаттары қамтылғанын көруге болады. Респонденттер бөлінісінен респонденттердің

шамамен 85% - ы өз пәтерінде/үйінде тұратыны анықталды. Жалдамалы тұрғын үйде білім алушылардың 10,4%-ы және ата-аналардың 12,8%-ы тұрады. Білім алушылардың 1,5% - ы және ата-аналардың 2,1% - ы достарының / туыстарының үйінде тұрады. Сондай-ақ, білім алушылар мен ата-аналардың 0,8% және 0,4% саяжайда тұратынын атап өтті. Өткен жылмен салыстырғанда өз тұрғын үйінде тұратындардың үлесі сол деңгейде қалды (85%), ал жалдамалы тұрғын үйде тұратын респонденттердің % - ы өсті. Бұл әсіресе Республикалық маңызы бар ірі қалаларда респонденттердің іріктемесінің ұлғаюына байланысты. Басқа жауап нұсқаларының ішінде респонденттер қызметтік пәтерде тұратынын, мемлекеттік тұрғын үйді атап өтті.

Кесте 4. Респонденттерді тұру жағдайлары бойынша бөлінісі

	Білім алушылар		Ата-аналар	
	саны	%-бен	саны	%-бен
өз пәтерінде / үйінде	65121	86,1	72599	83,3
жалдамалы тұрғын үйде	7893	10,4	11180	12,8
жатақханада	632	0,8	363	0,4
достарында / туыстарында	1166	1,5	1790	2,1
саяжайда	628	0,8	364	0,4
басқа	178	0,2	873	1,0
Барлығы	75618	100%	87169	100%

«Сіз кіммен тұрасыз?» деген сұраққа білім алушылардың 71.5% - ы ата-аналарымен және бауырларымен, 2.8% - ы нағашыларымен/тәтелерімен, 7.1%-ы ата-әжелерімен, 16.9% - ы қамқоршылармен, 1.8% - ы басқа нұсқаны атап өтті, оның ішінде: өгей әкесімен, өгей шешесімен және т.б. (5-сурет).




5-сурет. Білім алушылар кіммен тұрады

Сұрақтардың келесі блогы ата-аналарға арналған және балалардың өмір сүру және тамақтану жағдайларын анықтауға бағытталған.

«Тұрғын үй баланың өмір сүру жағдайына сәйкес келе ме» деген сұраққа респонденттердің пікірлері келесідей болды.


Респонденттердің басым көпшілігі тұрғын үй баланың өмір сүру жағдайына сәйкес келеді деп жауап берді (88,9%). Респонденттердің 5,4% - ы тұрғын үй ішінәра шарттарға сәйкес келеді деп санайды, 5,4% - ы тұрғын үй өмір сүру жағдайларына сәйкес келмейтінін білдірді (6-сурет).



6-сурет. Сіздің үйіңіз баланың өмір сүру жағдайына сәйкес келе ме?


Тұрғын үйдің баланың өмір сүру жағдайына сәйкес келмеу себептерінің

арасында респонденттер мектептің үйден алыс орналасуын (28.7%), тұрғын үйдің жалдамалы болуын (24,7%), тұрғын үйдің күрделі жөндеуді қажет ететіндігін – 23.3%, тұратын адамдар үшін тұрғын үйдің ауданының тым кішкентай болуын (11,9%), орталық жылдыту/сумен жабдықтаудың жоқтығын – 10.4% атап өтті. Басқа себептердің арасында (1,2%) респонденттер үйдің апatty жағдайда болуы мен әртүрлі жыныстағы балаларға арналған бөлек бөлмелердің жоқтығын және т. б. атап өтеді.



7-сурет. Тұрғын үйдің баланың өмір сүру жағдайына сәйкес келмеу себептері?


Респонденттердің баланы толыққанды үш реттік тамақпен қамтамасыз ету сұрағына 78.1%-ы тамақтану толық көлемде, 13.8% - ы толық, бірақ теңгерімсіз тамақтану деп жауап берді, 4.5%-ы толыққанды үш реттік тамақтануды қамтамасыз ету үшін қарожат тапшылығын бастарынан кешіретіндіктерін атап өтті және респонденттердің 4.2% - ы жауап беруге қиналды (сурет.8).



Сурет.8 Сіздің балаңыз күніне үш рет толық тамақтана ма?

9 - суреттен көрініп тұрғандай. пайыздық арақатынаста балаларды үш реттік тамақпен толық көлемде қамтамасыз ету суралы сұраққа жауап бергендердің ең көп пайызы Атырау (88,9%), Ұлытау (88,1%), Ақтөбе (88,7%) облыстарынан екенін аңғаруға болады. 2021 жылмен салыстырғанда бұл облыстар оң өсімді көрсетеді – Атырау 9,9%-ға (2021 жылы 79%), Ақтөбе 7,7%-ға (2021 жылы 81%).

Осы сұрақ бойынша ең төмен көрсеткіштер Шымкент қаласында (70,9%) және Түркістан облысында (70,9%) байқалады. Бұл өнірлер 2021 жылы тиісінше 87% және 82% көрсеткен. Сондықтан, берілген көрсеткіш бойынша айтарлықтай төмендеу байқалады – Шымкент қаласында 16,1% - ға, ал Түркістан облысында 11,1% - ға төмендеу тіркелді.



9-сурет. Сіздің балаңыз күніне үш рет толық тамақтана ма? (облыстар бөлінісінде)

Түркістан (7,2%), Шымкент қ. (7,4%), Алматы (5,3%) және Манғыстау (5,3%) облыстарында қалған өнірлермен салыстырғанда толыққанды үш реттік тамақтануды қамтамасыз ету үшін қаражат жетіспейді.

Ары қарай келесі сұрақтар қойылды: "Сіздің балаңызда жұмыс істеп, жалақы табу қажеттілігі болды ма? Егер солай болса, бұл кімнің шешімі болды?». 90.2% - дан астамы теріс жауап берді, 6.4% - ы жұмыс істеуге тура келетінін және респонденттердің 3.4%-ы жауап беруден бас тартты. Өткен жылмен салыстырғанда бұл сұрақ бойынша жауаптар статистикасы айтарлықтай өзгерген жоқ: 91,9% жоқ деп жауап берді, 6,2% өткен жылы иә деп жауап берді. Бұл кімнің шешімі болды деген сұраққа баланың жұмыс істеу

фактісін растиған 6.4% респонденттердің 82.4%-ы жағдайда бұл отбасының шешімі, 16.2% - баланың өзі және 1.4% - ы бұл шешімді отбасының басқа мүшелері талап еткенін көрсетеді (10-сурет).



10-сурет. Сіздің балаңызда жұмыс істеп, жалақы табу қажеттілігі болды ма?

Корытындылар: алынған жауаптарды талдау респонденттердің басым көпшілігі материалдық әл-ауқаттың жақсы деңгейін атап өтті деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді: респонденттердің шамамен 85%-ы өз пәтерінде/үйінде тұрады, 88.9%-ы тұрғын үйдің баланың өмір сүру жағдайына сәйкес келетіндігін растиғы, респонденттердің 91.3%-ы баланы күніне үш рет толық тамақпен қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, жалдамалы тұрғын үйде білім алушылардың 10,4% - ы және ата-аналардың 12,8% - ы тұрады, 5,4% - ы тұрғын үй жағдайлары шарттарға сәйкес келмейтінін көрсетті. 4,5% - ы толық үш реттік тамақтануды қамтамасыз ету үшін қаражат тапшылығын атап өтті.


Басқа өнірлермен салыстырғанда Түркістан (7,2%), Шымкент қ. (7,4%), Алматы (5,3%) және Маңғыстау (5,3%) облыстарында толыққанды үш реттік тамақтануды қамтамасыз ету үшін қаражат жетіспейді. Ал Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары балаларды үш реттік тамақпен толық көлемде қамтамасыз ететіндігі көрсеткіші бойынша көш бастап тұр.

2. Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтық қоргалуының ағымдағы жай-күйін бағалау

2.1 Білім алушылар мен ата-аналардың бала құқықтары саласынан хабардар болуы


Саулнама жүргізу кезінде білім алушылар бірінші мына сұраққа жауап беруі керек еді: "Сіздің ата-анаңыз (қамқоршыңыз) осы саулнама туралы біледі ма және оған жауап беруге қарсы емес пе?». Балалардың 93.3%-ы (70533) иә деп жауап берді, тек 6.7%-ы (5085) қарсы жауап берді.

Білім алушылардың өз құқықтарын білуіне қатысты келесі сұрақ өткен жылмен салыстырғанда оң үрдіске ие: өткен жылды 70,1%-ы оң 63% - ы қарсы жауап берді (7.1% - ға ұлғайды). 27,3% - ы кейбір құқықтарын білетіндерін және тек 2,6% - ы өз құқықтарын білмейтіндіктерін айтты.



11-сурет. Білім алушылардың өз құқықтарын білуі

Облыстар бөлінісінде өз құқықтарын білетін респонденттердің ең көп пайызы Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жетісу, Қостанай облыстарында (75,1%-76,1%); кейбір құқықтарды білеміз деп жауап бергендердің саны Ақмола (36,1%), Атырау (32,9%), Маңғыстау (33%) облыстарында, Астана қ. (35,2) басым. Өз құқықтарын білмейтін респонденттер саны Қызылорда (4,1%), Шымкент қ. (3,3%), Атырау (3,3%) Абай (3,2%) облыстарынан екені белгілі болды (12-сурет).



12-сурет. Білім алушылардың облыстар бөлінісінде өз құқықтарын білуі

Әрі қарай респонденттерге өздеріне белгілі құқықтарды атап өту ұсынылды. Барлық тармақтар бойынша респонденттердің басым көпшілігі аталған құқықтарды, атап айтқанда "өмір сұру құқығы" және "өз пікірін еркін білдіру" тармақтары бойынша нақты білетіндіктерін атап өтті - 81% және 83.8%-ы он жауап берді, 16.5% және 19.9% бұл туралы аздап білетіндерін атап өтті (атауларды және кейбір ережелерін естіген) (5-кесте).

5-кесте. Білім алушылардың құқықтарын білу

Атауы	Мен бұл туралы білемін, маған айтылды		Мен бұл туралы аздаپ білемін (атауы мен кейбір ережелерді естідім)		Мен бұл туралы ештеңе білмеймін	
	2021ж.	2022ж.	2021ж.	2022ж.	2021ж.	2022ж.
Өмір сүру құқығы	89.3%	81%	8.8%	16,5%	1.9%	2,6%
Жеке өмір құқығы	38.5%	76,7%	52.5%	19,9%	9.0%	3,4%
Өз пікірін еркін білдіру	39.6%	83,8%	32.8%	13,6%	27.6%	2,6%
Ата-аналарынң (мемлекеттің) қамқорлығына алу құқығы	40.0%	79,0%	37.7%	17,4%	22.3%	3,6%
Өзінің даралығын сақтау құқығы	10.9%	64,7%	38.8%	27,2%	50.2%	8,2%
Өз көзқарастарын білдіру құқығы	22.4%	78,4%	37.9%	17,6%	39.7%	4,0%
Ой, ар-ождан және дін бостандығына құқық	27.9%	71,1%	29.8%	22,6%	42.3%	6,4%

Өткен жылғы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерімен салыстырғанда барлық тармақтар бойынша білім алушылардың құқықтық сауаттылық деңгейі бойынша айтартықтай он динамика байқалады – 30-50% - ға ұлғаю. Мысалы, "өз көзқарастарын білдіру құқығын" (78.4%) және "ой, ар-ождан және дін бостандығына құқықты" (71.1%) білетіндердің үлесі тиісінше 56% - ға (2021 жылы 22.4%) және 43.2% - ға (2021 жылы 27.9%) өсті. Осындай көрсеткіштер "өз пікірін еркін білдіру" - 83.8% (өткен жылы 39.6%), "ата - аналарын (мемлекеттің) қамқорлығына алу құқығы" - 79% (2021 жылы 40.0%) тармақтарының нәтижелері бойынша да байқалады. Мұнда 44.2% және 39% өсім байқалады.

Сондай-ақ, білім алушылар бала құқықтары туралы заңнамаларды білуі бойынша атап өтуі керек еді. Барлық ұсынылған тармақтар бойынша респонденттердің басым бөлігі осы заңдар туралы 42.5% -68.6% аралығында екенін байқауға болады (6-кесте). Өткен жылдың нәтижелерімен салыстырғанда Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ) Бала құқықтары туралы Конвенциясын (өсім 29.2% - дан 43.8% - ға дейін), отбасылық үлгідегі балалар

ауылдары және жасөспірімдер үйлері туралы Занды (өсім 21.7% - дан 42.7% -ға дейін) білетін респонденттердің үлесі айтартықтай өскен.

6-кесте. Балалардың балалар құқықтары туралы заңдарды білуі

Заңның атауы	Мен бұл туралы білемін, маған айттылды		Мен бұл туралы аздаپ білемін (атауы мен кейбір ережелерді естідім)		Мен бұл туралы ештеңе білмеймін	
	2021ж.	2022ж.	2021ж.	2021ж.	2022ж.	2021ж.
Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Бала құқықтары туралы Конвенциясы	29,2%	43,8%	21,2%	36,5%	20,7%	19,7%
Балалардың құқықтары туралы заңы	62,6%	68,6%	16,1%	26,3%	3,6%	5,0%
Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы заңы	48%	64,3%	17,5%	28,4%	6,5%	7,2%
Отбасылық типтегі балалар ауылдары және жасөспірімдер үйлері туралы заңы	21,7%	42,5%	19,7%	36,8%	22,6%	20,7%
Балалардың мүгедектігі туралы заңы		45,7%		35,3%		18,9%

Онірлер бөлінісінде қарастырылып отырған үш құжат бойынша балалардың құқықтары туралы заңдарды білу: "Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ) Бала құқықтары туралы Конвенциясы", "Балалардың құқықтары туралы Зан", "Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын қорғау туралы Зан" "мен бұл туралы білемін, маған айтты" деген жауаптардың ең үлкен көрсеткіші байқалады және "Балалардың құқықтары туралы зан" балаларға көбірек белгілі (орташа көрсеткіш 71,1%) екенін атап өту қажет. «Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Зан» респонденттерге 65,47% көрсеткішпен, «Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Бала құқықтары туралы Конвенциясы» - 45,21% көрсеткішпен белгілі (7-кесте).

7-кесте. Облыстар бөлінісінде балалардың балалар құқықтары туралы заңдарды білуі (%- бен)


№	Облыс атаулары	Біріккен Ұлттар Үйимының (БҮҮ) Бала құқықтары туралы Конвенциясы			Балалардың құқықтары туралы заң			Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы заңы		
		Мен бұл туралы білемі н, маған айтыл ды	Мен бұл туралы аздап білемі н	Мен бұл туралы ештеңе білмей мін	Мен бұл туралы білемін , маған айтылд ы	Мен бұл туралы аздап білемі н	Мен бұл турал ы ештең е білме ймін	Мен бұл турал ы білемі н, маған айтыл ды	Мен бұл турал ы аздап білемі н	Мен бұл турал ы ештең е білме ймін
1	Абай	45,36	33,27	21,37	74,26	21,37	4,38	68,65	24,52	6,83
2	Ақмола	34,08	33,83	32,08	72,03	22,85	5,12	65,17	25,84	8,99
3	Ақтөбе	48,50	39,32	12,18	75,00	21,79	3,21	66,88	27,56	5,56
4	Алматы	45,16	33,40	21,44	71,86	23,12	5,02	66,32	26,42	7,26
5	Атырау	36,17	39,29	24,54	63,42	30,61	5,97	58,53	32,35	9,12
6	Батыс- Қазақстан	45,04	38,50	16,46	67,91	27,48	4,61	62,12	31,78	6,10
7	Жамбыл	50,62	32,46	16,92	71,76	23,76	4,48	67,65	26,11	6,24
8	Жетісу	50,30	32,05	17,65	72,20	23,16	4,64	66,49	25,91	7,60
9	Қарағанды	44,17	34,51	21,32	72,79	23,24	3,97	66,02	27,20	6,78
10	Қостанай	52,19	28,72	19,09	79,11	17,11	3,78	74,38	20,12	5,50
11	Қызылорда	43,12	40,37	16,51	68,67	25,41	5,93	64,22	29,57	6,21
12	Манғыстау	36,33	43,36	20,31	60,74	33,79	5,47	59,96	29,88	10,16
13	Павлодар	58,01	25,32	16,67	82,69	14,10	3,21	71,79	22,44	5,77
14	Солтүстік- Қазақстан	47,04	28,59	24,37	72,89	22,32	4,78	68,00	23,92	8,09
15	Түркістан	45,62	38,94	15,44	66,50	28,61	4,88	63,88	29,55	6,58
16	Ұлықтау	47,77	35,74	16,49	72,16	21,99	5,84	58,76	34,71	6,53
17	Шығыс- Қазақстан	47,32	34,08	18,60	73,71	22,45	3,84	67,61	26,39	5,99
18	Астана қ.	37,30	35,39	27,32	66,30	27,37	6,33	62,59	28,47	8,94
19	Алматы қ.	44,67	35,21	20,12	71,52	23,48	5,01	67,07	25,91	7,01
20	Шымкент қ.	45,48	39,16	15,36	66,45	28,71	4,84	63,39	30,14	6,46

Егер біз "Мен бұл туралы білемін, маған айтты", "Мен бұл туралы аздап білемін (атауы мен кейбір ережелерін естідім)" жауаптарын қарастыратын болсақ, онда БҮҮ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы бойынша республика бойынша орташа көрсеткіш – 80,28%, Бала құқықтары туралы Заң – 94,98%, Денсаулық сақтау туралы Заң - 90,96% (8-кесте).

8-кесте. Облыстар бөлінісінде бала құқықтары туралы заңдарды білу ("мен бұл туралы білемін, маған айтты", "Мен бұл туралы аздаң білемін (атауды және кейбір ережелерді естідім) респонденттердің жауаптары)


№	Облыс атаулары	Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Бала құқықтары туралы Конвенциясы		Балалардың құқықтары туралы заң		Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы заңы	
		саны	%-бен	саны	%-бен	саны	%-бен
1	Абай	449	78,63	546	95,62	521	91,24
2	Ақмола	544	67,92	760	94,88	719	89,76
3	Ақтөбе	411	87,82	453	96,79	435	92,95
4	Алматы	2239	78,56	2707	94,98	2594	91,02
5	Атырау	5032	75,46	6270	94,03	5925	88,86
6	Батыс-Қазақстан	1903	83,54	2173	95,39	2098	92,10
7	Жамбыл	2224	83,08	2557	95,52	2464	92,04
8	Жетісу	3001	82,35	3475	95,36	3311	90,86
9	Қарағанды	5543	78,68	6765	96,03	6471	91,85
10	Қостанай	941	80,91	1119	96,22	1078	92,69
11	Қызылорда	1183	83,49	1333	94,07	1301	91,81
12	Манғыстау	408	79,69	484	94,53	457	89,26
13	Павлодар	260	83,33	302	96,79	291	93,27
14	Солтүстік-Қазақстан	664	75,63	836	95,22	793	90,32
15	Түркістан	18045	84,56	20298	95,12	19545	91,59
16	Ұлытау	243	83,51	274	94,16	264	90,72
17	Шығыс-Қазақстан	2350	81,40	2776	96,16	2663	92,24
18	Астана қ.	7626	72,68	9828	93,67	9327	88,90
19	Алматы қ.	4260	79,88	5066	94,99	4861	91,15
20	Шымкент қ.	3378	84,64	3798	95,16	3664	91,81
	Барлығы	60704	80,28	71820	94,98	68782	90,96

Білім алушылар үшін құқықтар туралы ақпараттандыру көздері мектептер (45,9%), интернет/әлеуметтік желілер – 25%, ата – аналар – 19,4%, теледидар – 4.9%, оқулықтар мен оқу құралдары – 3.5%, әлеуметтік қызметкерлер – 1.0, құрдастарымен қарым-қатынас - 0.4% (13-сурет). Откен жылдағыдай, мектептегі сабактар бұл жерде көшбасшы болып қала береді. Алайда, құқықтар туралы интернеттен/әлеуметтік желілерден білетін респонденттердің үлесі айтартықтай өсті-25% қарсы 12.5%. Бұл еліміздің цифрандыру қарқынының өсуіне байланысты және білім беру жүйесінің қарқынымен де.



13-сурет. Құқықтар туралы ақпарат көздері

Білім алушылармен қатар құқықтық ақпараттандыру деңгейін анықтау үшін ата-аналарға да осындай сұрақ қойылды: "Сіз баланың заңмен бекітілген құқықтары туралы білесіз бе?». Сауалнамаға қатысқан ата - аналардың 80.4%-ы оң жауап берді, 8.6% - ы бірдене естіген, 6.9% - ы білмейтіндерін және 4.1% - ын бұл сұрақ қызықтырмайтынын және балалардың өз құқықтары туралы ойлануға әлі ерте екенін атап өтті. 14-суреттен оң жауап берген ата-аналардың үлесі 7.4% - га өскенін көруге болады.




14-сурет. 2021 және 2022 жылдар бойынша ата- аналардың заңмен бекітілген бала құқықтарын білетіні туралы сауалнама нәтижесін салыстырмалы бағалау

Сауалнамаға қатысқан ата-аналар үшін бала құқықтары туралы ақпараттың негізгі көздері интернет/әлеуметтік желілер – 40.5%, мұғалімдермен әңгімелер, ата-аналар жиналысы - 26.8%, теледидар бағдарламалары-15.4%. Кесте деректерінен көріп отырғанымыздай, мұғалім оқушыларға да, ата-аналарға да баланың құқықтары, сондай-ақ оларды қорғау механизмдері туралы ақпарат берे алатын маңызды агент болып табылады. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, мектептерде осындай сағаттарды ұйымдастыруда бірынғай әдіснамалық тәсілдің болмауы зерттелетін мәселенің маңызды стейкхолдерлерінің хабардарлық деңгейіне әсер етеді.



15-сурет. Балалардың құқықтарын қорғау туралы ақпарат алу көздері

Сондай-ақ, ата-аналарға: "Сіз бала құқықтары туралы конвенция туралы бірдеңе білесіз бе?" деген сұрақ қойылды, 41.6% - ы оқығанын, 34.3% - ы кейбір жағдайда естігенін, 24.1% - оның мазмұны туралы ештеңе білмейтіндері туралы жауап берді (16-сурет).



16-сурет. Бала құқықтары туралы конвенциядан хабардар болу

2021 жылғы зерттеу нәтижелерімен салыстырғанда Конвенцияның ережелерін білетін респонденттердің үлесі 32% – дан (2021ж.) 41.6% - ға (2022ж.) - 9.6% - ға ұлғайды.

"Сіз өз құқықтарыңыз туралы көбірек білгініз келеді ме" деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 78%-ы оң жауап берді, 14% жауап беру қыныға соқты, 8% бұл әлі де қажет емес деп санайды. Бұл оқушылардың бала құқықтары туралы білім алуға мүдделі екендігін көрсетеді, ең бастысы - бұл қызығушылықты ынталандыру және осы ақпаратты қолайлы формада беру. Ақпаратты жеткізу әдістері де маңызды мәселе болып табылады, өйткені білімді қалыптастыру ғана емес, күнделікті өмірде пайдалы болуы мүмкін нақты дағдылар да маңызды.



17-сүрет. Респонденттердің өз құқықтары туралы білгісі келетіні туралы сұрақ

Қорытындылар: біздің еліміздегі балалардың құқықтары туралы хабардар болу деңгейі өте жоғары - сауалнамаға қатысқан балаларда 70-83% және ата-аналарда 80.4%. Откен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш екі санатта да өсуді көрсетті, ал балалар арасында айтартылғатай өсім байқалады. Бұл жалпы елдегі құқықтық сауаттылықтың өсуі туралы қорытынды жасауга мүмкіндік береді. Бұл білімнің негізгі көздері мектеп, интернет / әлеуметтік желілер болып табылады. Сондай-ақ респонденттердің көпшілігі (және балалар мен ата-аналар) бала құқықтары жөніндегі негізгі Зандар, Бала құқықтары туралы Конвенция және т. б. туралы біледі.

Респонденттер үшін бала құқықтары туралы ақпараттың негізгі көздері интернет/әлеуметтік желілер, мектеп/мұғалімдермен әңгімелер, ата-аналар жиналышы, теледидар бағдарламалары болып табылады.

Хабардарлықты арттыру үшін неғұрлым пәрменді тетіктерді қолдану - әлеуметтік желілерді, интернетті, мектептерді, әңгімелесу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ақпараттық стендтерде, әлеуметтік желілердегі топтарда, блогтарда орналастыру арқылы тарату қажет. Бұл балалардың да, ата-аналардың да балалардың құқықтық қорғалуы мәселелерінде құқықтық сауаттылығын арттыру үшін маңызды.

2.2 Баланың өз міндеттерін білуі

Міндет - құқықтық реттеудің тепе-тендігін, тұрақтылығы мен динамизмін қамтамасыз ететін адамның құқықтары мен бостандықтарын есепке ала отырып жасалған адамның әлеуметтік қажетті мінез-құлқының өлшемі.

Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және зандарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табигатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті. («Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Занға сәйкес).

Респонденттерге бала міндеттеріне қатысты : «Қалай ойлайсыз, Сіздің бала міндеттеріңізге не кіреді?» деген сұрақ қойылды. 10-кестеде көрсетілгендей, саулнамаға жауап ретінде көпшілігі жоғарыда көрсетілген тармақтардың барлығын (38,5%) атап өтсе, 23,3%-ы міндетке «Қазақстан зандарын, ел рәміздерін (Елтаңба, Ту, Әнұран) сақтау» деп жауап берді, 22,2% -ы «ата-аналарына, үлкендерге, кішілерге қамқорлық көрсету» десе, 10,3% -ы «басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намыстары мен қадір-қасиеттерін құрметтеу» деп көрсетті. Саулнамаға қатысқандардың аздаған бөлігі «өзінің күші мен шамасына қарай отбасына көмек көрсету міндеттерін орындау» кіреді деп санайды екен (2,6%), (9-кесте).


2021 жылғы саулнама қортындысы бойынша да «Барлық жоғарыда аталған тармақтар» жауабы - 28,2%-ды көрсетіп жоғары орында тұrsa, «Қазақстан зандарын, ел рәміздерін (Елтаңба, Ту, Әнұран) сақтау» жауабын саулнамаға қатысушылардың - 4,1%-ы, «Ата-аналарына, үлкендерге, кішілерге қамқорлық көрсету» - 4,2%-ы, «отбасына өз күштері мен мүмкіндіктері бойынша көмек көрсету міндеттерін орындау» жауабын - 3,8%-ы тандаған еді. Көріп отырғанымыздай, 2022 жылы отбасы және мемлекет алдындағы міндеттерді маңызды деп санайтын респонденттердің үлесі айтартылтай өсеп түскең.

9-кесте. Қалай ойлайсыз, Сіздің бала міндеттеріңізге не кіреді?

Атауы	2021ж.	2022ж.
Қазақстан зандарын және ел рәміздерін (Елтаңба, Ту, Әнұран) сақтау	4,1%	23,3%
Ата-аналарына, үлкендерге және жасы кішілерге қамқорлық көрсету	4,2%	22,2%
Қазақстан зандарын және ел рәміздерін (Елтаңба, Ту, Әнұран) сақтау, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиеттерін	9,2%	13,4%

құрметтеу, ата-аналарға, үлкендер мен жасы кішілерге қамқорлық көрсету, тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау, табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау, отбасына өз күштері мен мүмкіндіктері бойынша көмек көрсету міндеттерін орындау		
Отбасына өз күштері мен мүмкіндіктері бойынша көмек көрсету міндеттерін орындау	3,8%	2,6%
Барлық жоғарыда аталған тармақтар	28,2%	38,5%

Аймақтар бойынша «Барлық жоғарыда аталған тармақтар» жауабын бергендердің саны пайыздық қатынаста келесі суретте берілген (18-сурет).




18-сурет. Барлық тармақтар балалар міндеттеріне жетады (өнірлер бөлінісінде)

18-суретте көрсетілгендей, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарының респонденттері балалар міндеттерінің аясын едәуір дұрыс түсінеді және оларға "Қазақстанның зандарын және елдің рәміздерін (Елтаңба, Ту, Әнұран) сақтау", "Басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, ата-аналарына, үлкендеріне қамқорлық жасау, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау, табиғатты сақтау және табиғи байлыққа ұқыпты қарау, отбасына өз күштері мен мүмкіндіктері бойынша көмек көрсету міндеттерін орындау" сияқты барлық тармақтар кіретінін белгілейді.

Қорытынды: Сауданамаға қатысқан респонденттер (білім алушылар) өз міндеттерін дұрыс түсінеді. Айта кету керек, жас респонденттер отбасындағы, үйдегі міндеттерді мемлекет алдындағы міндеттермен салыстыруға болады деп санайды және 23,3%-ы міндеттерге "Қазақстан зандары мен елдің рәміздерін (Елтаңба, Ту, Әнұран) сақтау" десе, 22,2%-ы - "Ата-аналарға, үлкендерге, кішілерге қамқорлық жасау" деп санайды. Сауданамаға қатысқандардың ең аз пайызы балалардың міндетіне "Отбасына өз күштері мен мүмкіндіктері бойынша көмек көрсету міндеттерін орындау" (2,6%) тармақтары жатады деп санайды. «Жоғарыда аталған барлық тармақтарды» респонденттердің 38,5% - ы атап өтті.

2.3 Балалардың құқықтық қоргалуын бағалау

Келесі сұрақтар топтамасы балалардың құқықтық қорғалу деңгейін анықтауға арналды. "Баланың құқықтары шектелуі мүмкін деп ойлайсыз ба?" деген сұраққа білім алушылардың 50.5% - ы Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтары шектелмейді деп жауап берді, 43.4% - баланың құқықтары ата-анасының (қамқоршысының) қалауы бойынша шектелуі мүмкін, ал 6.1% - ы баланың құқықтары кез келген ересек адаммен шектелуі мүмкін деп есептейді.



19-сурет. Бала құқығының шектелуі

2021 жылмен салыстырғанда Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтары шектелмейді деп жауап бергендердің үлесі 64,8% - дан 50,2% - ға дейін төмендеген және 2020 жылғы зерттеу нәтижесіне қайта келді(52%). Баланың құқықтары ата-анасының (қамқоршысының) қалауы бойынша шектелуі мүмкін деп есептейтіндердің үлесі 2020 жылғы нәтижені қайталай отырып, 30,3% - дан 43,4% - ға дейін ұлғайды.


Жас санаттары бойынша баланың құқықтары ата-анасының қалауы бойынша шектелуі мүмкін деп есептейтін білім алушылардың үлесі 10-11 жас тобында көбірек (50.3%) еkenін байқауға болады. Осы жас тобы өткен жылы осы тармақ бойынша алдыда болған еді - 34.9% (10-кесте). 12-15 жас аралығындағы (51.1%) және 16-18 жас аралығындағы (59.4%) балалардың басым көпшілігі – Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтары шектелмейтінін атап өтті. Осы жас топтарының пікірі өткен жылғы сауалнама нәтижелерімен салыстырғанда өзгерген жок.

10-кесте. Жас санаты бойынша респонденттердің пікірі

Жас ерекшелігі бойынша топтар	Бала құқығы ата- ананың (қамқоршының) қалауы бойынша шектелуі мүмкін		Бала құқығы кез келген ересек адамның қалауымен шектелуі мүмкін.		Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтары шектелмейді	
	2021ж.	2022ж.	2021ж.	2022ж.	2021ж.	2022ж.
10-11 жас	34.9%	50,3%	4.8%	6,0%	60.3%	43,7%

12-15 жас	30.9%	42,7%	4.9%	6,2%	64.2%	51,1%
16-18 жас	18.3%	34,7%	3.7%	5,9%	77.9%	59,4%

Балалардың құқықтық қорғалуы мәселесі бойынша ата-аналардың пікірлерін анықтау үшін оларға келесі сұрақ қойылды: "Сіздің ойыңызша, балаңыздың құқықтық қорғалуы қамтамасыз етілген бе?». Респонденттерге балалардың 4 тұратын жері бойынша жауап беру қажет болды: мектепте, үйде (отбасында), көшеде, медициналық мекемеде. 20-суретten көрініп тұрғандай, 92.9%-ы баланың құқықтық қорғалуы үйде (отбасында) сақталатынына сенімді, одан кейін мектепте – 80.8%, ата – аналар медициналық мекемелерде – 69.5%-ға және көшеде-51.4%-ға сенімді емес. Респонденттердің ең көп пайызы көшеде бала құқықтарының қамтамасыз етілуіне сенімді емес-22.4%.



20-сурет. Балалардың құқықтық қамтамасыз етілуі

Бұл сұраққа жауап беру нәтижелері былтырғы жылғы нәтижелермен сәйкес келеді, онда респонденттердің ең үлкен пайызы неғұрлым сенімді мекеме ретінде – мектепті (96.2%) атаса, балалардың көшеде болған кездегі құқықтарының қорғалуына сенімдері аз екені көрінеді – ол 22.3% құрайды.


Келесі «Сіздің балаңызға қатысты қандай құқық бұзушылықтарға жол берілді?» деген сұраққа ата- аналардың көпшілігі, 80% - дан астамы жауап беруден бас тартты, бірақ жауап берген респонденттердің ішінде бұзушылықтардың барлық түрлеріне басқа адамдар тарапынан көбірек жол

берілетінің көрсетті (11-кесте), бұл әсіресе адамның қадір-қасиетін қорлау, немікүрайлылық, жеке тұлға ретінде қорлау, өз пікірін еркін білдіру мүмкіндігінің болмауы, сөз бостандығын бұзу сияқты бұзушылықтарға қатысты.

11-кесте. Балаларға қатысты құқықтарды бұзу

<i>Құқықтардың бұзылуы</i>	Сіздің тараапыңыздан		Басқа адамдадың тараапынан жіберілді		Жауап беруден бастартамын	
	саны	%	саны	%	саны	%
Адамның қадір-қасиетін қорлау, немікүрайлылық, жеке тұлға ретінде қорлау	7353	8,4	10855	12,5	68961	79,1
Іс-әрекет бостандығын шектеу, жеке өмірге өрескел араласу, хат алмасу	6048	6,9	6550	7,5	74571	85,5
Өз пікірін еркін білдіру мүмкіндігінің болмауы, сөз бостандығын бұзылуы	8097	9,3	9048	10,4	70024	80,3
Жеке басына қол сұғылмаушылық құқығының бұзылуы (полицейлердің заңсыз ұстауы, көшедегі бұзакылық әрекеттер және т. б.)	3987	4,6	6112	7,0	77070	88,4
Физикалық және психикалық жазалау әдістерін қолдану	4550	5,2	5843	6,7	76776	88,1
Білімді әділесіз бағалау, мұғалім тараапынан көмек беруден бастарту	5150	5,9	8061	9,2	73958	84,8
Жұмысқа, ақша табуға мәжбүрлеу	3430	3,9	5419	6,2	78320	89,8
Әлеуметтік кемсітушілік	4357	5,0	6815	7,8	75997	87,2

Респонденттерге елді мекендерде баланы әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау құқықтарының сақталуын бағалау ұсынылды. Мұнда респонденттердің жартысы (52%) аталған мәселе бойынша бала құқығының толық орындалатынын атап өтті, 40.3%-ы құқықтар ішінara сақталатынын айтты және тек 7.7%-ы құқықтар сақталмайды деп санайды.



21-сурет. Баланың тұрғылықты жерінде әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау құқықтарының сақталуы

Респонденттерге оларға қатысты сақталатын құқықтарды да атап өту қажет болды (12-кесте). Барлық тармақтар бойынша респонденттердің басым көпшілігі құқықтардың сақталатынын атап өтті. Теріс жауап берген 8,8% -ға қарсы орташа көрсеткіш 91,2% құрады. Откен жылды үшіл көрсеткіш 78,2%-ды құрады, яғни 2022 жылғы сауалнама нәтижелері бала құқықтарын сақтаудың айтарлықтай 13% - ға өскенін көрсетеді. Олардың ішінде 95,7% – ы "Білім алу құқығы (мектепте тегін оқу)" тармағын, одан кейін "Демалыс және бос уақытты өткізу құқығы (демалу және сүйікті хоббиімен айналысу мүмкіндігі)" – 94,1%, "Қадір-қасиетті қорғау құқығы (адамға құрметпен қарау)" - 93,9%, "Өмір сұру құқығы (жеке өмірге қол сұғылмаушылық) " – 91,8, «Денсаулыққа құқық (медициналық көмекке тегін қол жеткізу)» – 92,1% тармақтары атап өтілді.


Теріс жауаптардың ішінде, үлесі аз болса да, "Жеке өмірге құқық (хат алмасу құпиясы, достарды таңдау және т. б.)" – 15%, "Еңбекке құқық (денсаулыққа зиян келтірместен қоғамдық пайдалы қызметпен айналысу)" – 11,1%, "Қалыпты дамуды қамтамасыз ететін өмір сұру деңгейіне құқық" - 11,6%.

12-кесте. Бала құқығының сақталуы

Бала құқықтары	Иә	Жоқ
Өмір сұру құқығы (жеке өмірге қол сұғылмаушылық)	91,8%	8,2%
Қадір-қасиетті қорғау құқығы (адамға құрметпен қарау)	93,9%	6,1%
Денсаулық құқығы (медициналық көмекке тегін қол жетімділік)	92,1%	7,9%


Қалыпты дамуды қамтамасыз ететін өмір сұру деңгейіне құқық	88,4%	11,6%
Білім алу құқығы (мектепте тегін оқу)	95,7%	4,3%
Еңбек ету құқығы (денсаулыққа зиян келтірмestен қоғамдық пайдалы қызметпен айналысу)	88,9%	11,1%
Жеке өмірге құқық (хат алмасу құпиясы, достарды таңдау және т. б.)	85,0%	15,0%
Демалыс және бос уақытты өткізу құқығы (демалу және сүйікті хоббиімен айналысу мүмкіндігі)	94,1%	5,9%
Орташа мәні	91,2%	8.8%

Өңірлер бөлінісінде білім алу құқығының сақталуы барлық өнірлерде жоғары көрсеткіш байқалады (94,6% және одан жоғары). Білім алушылар арасында теріс жауап бергендер Шымкент қ., Түркістан, Жамбыл, Абай облыстарында 5% - дан асады (22-сурет).



22-кесте. Білім алу құқығы (мектепте тегін оқу, %)

Республика бойынша қалыпты дамуды қамтамасыз ететін баланың өмір сүру деңгейіне құқықтардың сақталуы 88,4% деңгейін көрсетеді, 11,6% оларға қатысты аталған құқықтар сақталмайды деп жауап берді. Егер осы параметрді өнірлер бойынша қарастыратын болсақ, онда теріс жауап бергендердің ең көп пайызы Шымкент қаласында (16,2%), Түркістан қаласында (16%) байқалады. Ақмола (5,2%), Солтүстік Қазақстан (5,2%), Қостанай (5,9%) облыстарында теріс жауап бергендердің ең аз пайызы орын алды (23-сурет).



23-сурет. Қалыпты дамуды қамтамасыз ететін өмір сұру деңгейіне құқық, %-бен

Корытындылар: республика бойынша білім алушылардың 50.5% -ы Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтары шектелмейді деп санайды. Сондай-ақ, балалар өз тәжірибелеріне сүйене отырып, өз құқықтарының шектелуін түсінеді, сондықтан 43.4%-ы олардың құқықтары абсолютті емес екендігін, ересек адаммен, негізінен ата-анамен (қамқоршымен) шектелуі мүмкін деп санайды. Баланың құқықтары ата-анасының қалауы бойынша шектелуі мүмкін деп есептейтін білім алушылардың үлесі 10-11 жас тобында жоғары (50.3%) екені көрінеді.

12-15 жас аралығындағы (51.1%) және 16-18 жас аралығындағы (59.4%) балалардың басым көпшілігі Қазақстан Республикасының зандарында

белгілентген жағдайларды қоспағанда, баланың құқықтары шектелмейтінін атап өтті.

Барлық тармақтар бойынша респонденттердің басым көпшілігі құқықтардың сақталатынын атап өтті. Теріс жауап берген 8,8%-ға қарсы орташа көрсеткіш 91,2% құрады. Өткен жылы бұл көрсеткіш 78,2% – құрады, яғни 2022 жылғы сауалнама нәтижелері бала құқықтарын сақтаудың айтарлықтай 13% - ға өскенін көрсетеді. Олардың ішінде 95,7%-ы "Білім алу құқығы (мектепте тегін оқу)" тармағын атап өтті, одан кейін «Демалыс және бос уақытты өткізу құқығы (демалу және сүйікті хоббиімен айналысу мүмкіндігі)» – 94,1%, «Қадір-қасиетті қорғау құқығы (адамға құрметпен қарau)» – 93,9%, «Өмір сұру құқығы (жеке өмірге қол сұғылмаушылық)» – 91,8, «Денсаулыққа құқық (медициналық көмекке тегін қол жеткізу)» – 92,1%.

Білім алушылар арасында теріс жауап бергендер Шымкент қаласы, Түркістан, Жамбыл, Абай облыстары бойынша - 5% - дан жоғары.

Баланың қалыпты дамуын қамтамасыз ететін өмір сұру деңгейіне құқықтардың сақталуы туралы сұраққа теріс жауап бергендердің ең көп пайызы Шымкент қаласында (16,2%), Түркістан қаласында (16%) байқалады.

2.4 Денсаулық қорғау құқығын сақтау

«Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Заңға сәйкес - әрбір баланың денсаулығын қорғауға ажырамас құқығы бар.

Баланың денсаулықты қорғау құқығы төменде берілгендермен қамтамасыз етіледі:

- 1) Қазақстан Республикасының бала денсаулығын қорғау саласындағы заңнамасын қабылдау;
- 2) балалардың салауатты өмір салтын насихаттау және ынталандыру;
- 3) балалардың денсаулығын сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қолдау;
- 4) баланың, оның ата-анасының денсаулық жағдайын бақылау және балалар ауруларының алдын алу;
- 5) білікті медициналық көмек көрсету;
- 6) баланың қалыпты дамуы үшін қажетті қолайлы ортаны құру;
- 7) тиісті сападағы балаларға арналған азық-түлік өнімдерін өндіру мен сатуды бақылау.

Денсаулық қорғау құқығы баланың негізгі құқықтарының бірі болып табылады және оны қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ынталандыру және насихаттау қажет. "Респонденттер салауатты өмір салты туралы біледі

ме?" деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 45,9% - ы бұл сапалы пайдалы тағамдарды пайдалану деп жауап берді (өткен жылы бұл көрсеткіш 47% құрады), 19,4% - ы ауырмау үшін дәрігерге бару керек деп жауап берді, респонденттердің 16,9% - ы дene шынықтырумен (жаттығу жасау) айналысу салауатты өмір салтын қамтамасыз ететініне сенімді. 15,6%-ы салауатты өмір салты үшін таза ауамен жиі тыныс алу (саябақта серуендеу немесе табиғатқа шығу) қажет екенін көрсетті.



24-сурет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салты мәселелері бойынша хабардарлығын бағалау

Корытындылар: осы сұраққа жауаптарды талдау білім алушылардың салауатты өмір салты туралы өте жақсы білетіндігін және олар үшін елімізде денсаулықты қорғауга қатысты өздерінің ажырамас құқығын пайдалана алатындей барлық жағдайлар жасалғанын көрсетеді (респонденттердің ең көп пайызы-45,9% "сапасы жақсы пайдалы тағамдарды жеу" нұсқасын атап өтті).

2.5 Баланың өмірге, жеке бас бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығын сақтау

Әр баланың өмір сүруге, жеке бас бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығы бар.

Респонденттер баланың өмір сүру құқығын, жеке бостандығын, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмаушылықты қалай түсінеді деген

сұраққа респонденттердің көпшілігі-56,7%-ы (2021 жылы 49,8%) «Менің өмір сүрге құқығым бар! Менің еркіндігімді ешкім шектей алмайды! Менің қадір-қасиетімді ешкім төмендетпеуі керек!» деген жауап нұсқасын таңдады. Сауданамаға қатысушылардың 28,3%-ы бұл құқықты қамтамасыз ету мемлекеттің жауапкершілігімен және оның азаматтарды қорғауымен байланысты деп санайды. Сауданамаға жауап берушілердің 8,7%-ы баланың өмір сүру құқығы қандай да бір заңсыз (қылмыстық) іс-әрекетке қатысадан және қоғамға жат әрекеттер жасаудан бас тарту деп санайды және 6,3% -ы «Мен өзім қалағандай өмір сүрге құқығым бар және маған ешкім нұсқау бере алмайды!» деген жауапты көрсетті (13-кесте).

13-кесте. Баланың өмірге, жеке бас бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқықтарын туғынуда

Менің өмір сүрге құқығым бар! Менің еркіндігімді ешкім шектей алмайды! Менің қадір-қасиетімді ешкім төмендетпеуі керек!	56,7%
Мемлекет баланың жеке басына қол сұғылмауын қамтамасыз етеді, оны физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықтан, қатыгез, дөрекі немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынастан қорғауды жүзеге асырады.	28,3%
Мен өзім қалағандай өмір сүрге құқығым бар және маған ешкім нұсқау бере алмайды!	6,3%
Егер мені қандай да бір заңсыз (қылмыстық) іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартқысы келсе, мен бас тарта аламын.	8,7%

Корытынды: респонденттердің 56,7%-ы баланың өмірге, жеке бас бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқықтарын дұрыс түсінеді.

2.6 Баланың даралық ерекшелігі құқығын қорғау және оны сақтау

"Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Занға сәйкес бала туылған кезінен бастап оның аты, экесінің аты және тегі, ұлты және азаматтығы болуына құқығы, ал Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларда оларды сақтауға құқығы бар. Конвенцияға сәйкес әрбір

бала өзінің даралығын сақтауға құқылы. Жеке белгілеріне - аты, тегі, азаматтығы, отбасылық байланыстары жатады.

Сауалнамаға қатысқан балалардың "Баланың даралық ерекшелігі және оны сақтау құқығын" қалай түсінетіндігі туралы жауаптары бойынша - 41.7%-ы бұл өзің болу және басқаның қалауына бейімделмеу дегенді білдіреді десе, 27.3%-ы өзін-өзі сую және күрметтеу деп санайды, 12%-ы аты, әкесінің аты және тегінің болуын, 10.6%-ы бұл олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын білдіру, 5.7% -мәдени бірегейлікті, тілді үстану деп білсе, 2.7% - ы басқа нұсқаны таңдады (25-сурет).




25-сурет. Баланың даралық құқығы және оны сақтау бойынша білім алушылардың тікірлері

Қорытынды: сауалнамаға қатысқан балалардың 10.6% -ы даралық ерекшелік және оны сақтау құқығын дұрыс түсінеді. Көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 1.5% -ға өскен (2021 жылы 9,1%). Алайда, бұл көрсеткіш әлі де қанағаттанарлықсыз. Балалардың осы құқық туралы хабардар болуын және дұрыс түсінілуін арттыру мақсатында мектептерде, жиналыстарда осы тармақты кеңінен насиҳаттау іс-шараларын өткізу қажет.

2.7 Баланың тұрғын үйге құқығын сақтау


"Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" ҚР Заңына сәйкес әрбір баланың тұрғын үйге құқығы бар. Сауалнама барысында респонденттерге (білім алушыларға) «Қалай ойлайсыз, баланың тұрғын үйге құқығы бар ма?» деген сұрақ қойылды. Күткеніміздей, көпшілігі 88%-ы «Иә»

деп жауап берді, 12% -ы қандай да бір себептермен мұндай құқықтар жоқ деп санайды (26-сурет). Бірақ 2021 жылмен салыстырғанда мұнда аздала төмендеу байқалады: 2021 жылы 91%, 2022 жылы 88%.



26-сурет. Білім алушылардың баланың тұргын үйге құқығы туралы сұраққа пікірлері

Жас санаттары бойынша айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды: барлық жас санаттары бойынша 86% -89% «иә, мұндай құқыққа ие» деп жауап берді, 10.4% -13.2% жоқ деп жауап берді. Теріс жауап берген респонденттер арасында ең көбі 12-15 жас аралығында байқалады (13.2%), бұл дәл осы жас тобында ақпараттандыру жұмыстарын күшейтуге негіз болып табылады.




27-сурет. Жас санаттары бойынша баланың тұргын үйге құқығы туралы мәселеге білім алушылардың пікірлері

Бұл сұрақ бойынша өнірлер бөлінісінде баланың тұргын үйге құқығы бар деп есептейтін респонденттердің ең көп пайызы Павлодар облысы (95,19%),

Қостанай облысы (93,21%), Солтүстік Қазақстан облысы (91,57%), Қарағанды облысы (91,28%) болып табылады (28-сурет). 2021 жылмен салыстырғанда бұл өнірлер оң үрдісті көрсетті: Павлодар облысында 3,19%-ға (2021 жылы 92%), Солтүстік Қазақстан облысында 3,57% - ға (2021 жылы 94%), Қарағанды облысында 3,72% -ға (2021 жылы 95%) өскен, алайда Қостанай облысында бұл көрсеткіштің 4,21% - ға тәмендеуі (2021 жылы 89%) байқалуда.

Шымкент қаласы, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарының респонденттерінің 84%-ы баланың тұрғын үйге құқығы бар деп санайды.



28-сурет. Өнірлер бойынша білім алушылардың баланың тұрғын үйге құқығы туралы мәселеге пікірлері, %

Корытынды: респонденттердің көпишлігі балалардың тұрғын үйге құқығы бар екенине сенімді - 88%-ы иә деп жауап берді, 12%-ы мұндай құқықтар жоқ деп санайды. Теріс жауап берген респонденттер арасында ең көбі 12-15 жас аралығында байқалады (13.2%). Әртүрлі жас санаттарындағы


балаларды бала құқықтары бойынша ақпараттылықтарын көтеру жөніндегі жұмысты күшейту қажет.

Павлодар (95,19%), Қостанай (93,21%), Солтүстік Қазақстан (91,57%), Қарағанды (91,28%) облыстарының респонденттері баланың тұрғын үйге құқықтарын білуі бойынша ең жоғары пайызды көрсетеді.

2.8 Білім алу құқығын сақтау. Білім алу - бұл құқық на, алде міндет не?

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңнамасына сәйкес, әрбір баланың білім алуға құқығы бар және Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарына сәйкес оған тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім және конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға кепілдік беріледі.

Білім туралы сұраққа респонденттер нақты жауап айта алмады және 47.5%-ы білім алу – бұл құқық және міндет деп санаса, 27.5%-ы - бұл көбірек міндетке жатады деп есептейді, 25%-ы - бұл құқық деп жауап берді. Мұнда жауаптар былтырғы зерттеумен бірдей (29-сурет). 2021 жылы сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (44,1%) білім алу әрі міндет, әрі құқық деп жауап берді. 28,8%-ы білім беру құқық және 27% міндет деп санады. Жауаптардың сәйкестілігі бұрынғы деңгейде қалды.



29-сурет. Білім алушылардың "Білім алу" тармагы бойынша пікірлері

Жауаптарға талдау жасайтын болсақ, барлық жас топтары бойынша респонденттердің тең жартысы бұл құқық та және міндет те деп атап өтті, қалғандарының пікірлері әр санатқа бөлінді. Сонымен, 10-11 жас аралығындағы балалар арасында білім алу – бұл міндеттен гөрі құқық (25,5%), 12-15 жастағы

балалар арасында білім алу міндегі ретінде көбірек қабылданады (27,9%), ал 16-18 жастағылардың жауаптары 26% -дан теңдей екіге бөлінді.


14-кесте. Жас топтары бөлінісінде "Білім беру" тармағы бойынша білім алушылардың пікірлері

Жасы бойынша топтар	Күкүк	Міндегі	Екеуде
10-11 жас	25,5%	23,1%	51,4%
12-15 жас	25,6%	27,9%	46,5%
16-18 жас	26,9%	26,1%	47,0%

Корытынды: Білім алу құқығы туралы сұраққа респонденттер нақты анықтама береді алмады және 47,5%-ы білім – бұл құқық және міндегі деп жауап берді, 27,5% - бұл міндегі десе, 25% -ы – бұл құқық деп санайды. Жас топтары бойынша 10-11 жас аралығындағы балалар арасында білім алу міндегінен гөрі құқық болып табылады (25,5%) деп санаса, 12-15 жастағы балалар арасында білім беру міндегі ретінде көбірек қабылданады (27,9%), 16-18 жастағылар арасында – жауаптар 26% -дан теңдей бөлінді.

2.9 Баланың еңбек бостандығына құқығын сақтау

ҚР «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Занында әрбір баланың еңбек бостандығына, қызмет және кәсіп түрлерін еркін тандауға құқығы бар екендігі айтылған. Балалар он төрт жастан бастап, ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіппетіліуіне оңтайлы, баланың дене бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай-ақ мамандық алуға құқығы бар. Бұл құқықты халықты еңбекпен қамту қызметі мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары қамтамасыз етеді.



30-сурет. Жұмыс істеу және жалақы алу құқығы

Осы тармақ бойынша балаларға «Баланың қай жастан бастап жұмыс істеуге және жалақы алуға құқығы бар?» деген сұрақ қойылды. Сауданамаға қатысқандардың жартысына жуығы (46.2%) 18 жастан бастап, 26.1%-ы 16 жастан бастап, 15%-ы 14 жастан бастап жұмыс істеп жалақы алуға құқығы бар деп жауап берсе, 12.7%-ы кез келген жастан бастап жұмыс істеуге болады деп санайды (30-сурет). Айта кету керек, өткен жылы танымал жауап «18 жастан бастап» (2021 жылы 39,5%) нұсқасы болған еді. Респонденттер бұл құқықты көмелеттік жасқа толуымен байланыстыруы мүмкін.

Корытынды: Сауданамаға қатысқандардың жартысына жуығы (46.2%) жұмыс істеу және жалақы алу құқығы 18 жастан бастап болады деген пікірге тоқтайды, 26.1%-ы 16 жастан бастап, 15%-ы 14 жастан бастап және 12.7%-ы кез келген жастан бастап жұмыс істеуге болады деп есептейді.

2.10 Демалу және бос уақытын пайдалану құқығын сақтау

«Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» КР Заңының 19 бабында әрбір бала өзінің жасына, деңсаулығына және қажеттеріне қарай демалуға және бос уақытын пайдалануға құқылы делінген.


Ата-анасы немесе олардың орнындағы адамдар өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес баланың қүтілуі мен жан-жақты дамуына қажетті өмірлік жағдайларды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытын

пайдаланатын өзге де үйымдарын, лагерьлер мен санаторийлерді құрады және оларды қолдап отырады.

Мемлекет балалардың демалуға, сауығуға және бос уақытын пайдалануға құқығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Бұл сауал бойынша басым көпшілігі (95.1%) «Иә. Әр баланың жасына, денсаулығына және қажеттіліктеріне сәйкес келетін демалуға және демалуға құқығы бар» десе, тек 4.9% мұндай құқық жоқ деп есептейді. Демалу және бос уақытын пайдалану - бұл өз міндеттерін орындағаны үшін берілетін сыйакы (31-сурет). Өткен жылы нәтижелер бірдей болды - 95,7% оң, 2,7% теріс жауап берді.



31-сурет. Баланың демалу және бос уақытын пайдалану құқығы

Жас топтары бойынша жағдай бірдей, барлық топтардың 95% - дан астамы олардың демалу және бос уақытын пайдалану құқықтары бар екенін біледі (15-кесте).

15-кесте. Жас санаттары бойынина респонденттердің пікірі


	Иә. Әрбір бала өзінің жасына, денсаулығына және қажеттілігіне сәйкес демалуға және бос уақытын пайдалану құқығы бар.	Жоқ. Демалыс және бос уақытын өткізу – бұл өзінің міндеттерін орындағаны үшін берілетін сыйакы.
10-11 жас	97.5%	2.5%
12-15 жас	98.1%	1.9%
16-18 жас	97.9%	2.1%

Қорытынды: ҚР «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Заңына сәйкес, демалу және бос уақытын пайдалану құқығы бала құқықтарының ажырамас бөлігі болып табылады. Осы әлеуметтік зерттеудің респонденттері де осындай пікірде: 95.1% «Иә, әр баланың жасына, денсаулығына және қажеттіліктеріне сәйкес келетін демалуға және бос уақытын пайдалану құқығы бар» деді және тек 4.9% -ы мұндай құқық «Жоқ, демалу және бос уақытын пайдалану - бұл өз міндеттерін орындағаны үшін берілетін сыйакы» деп санайтындарын көрсетті.

2.11 ҚР-дағы бала құқықтарының бұзылуы: құқық бұзуышылықтардың жиілігі, түрлері

Сұрақтардың бұл топтамасы бала құқықтарының бұзылу дәрежесін анықтауға арналған.


"Сіздің құқықтарыңыз жиі бұзылып тұрады ма?" деген сұраққа көбісі жоқ деп жауап берді, ешқашан-38,2%, кейде кездеседі -30,3%, ал 23,1%-ы білмейтіндіктерін айтты. Он жауаптардың ішінен осы мәселеге үнемі тап болатын балалардың үлесі-3,7% болса, 4,7% -ы жиі кездесетінін айтты (32-сурет).




32-сурет. Бала құқығының бұзылу жиілігі

Ешқашан құқық бұзуышылыққа тап болмадым деп жауап берген респонденттердің саны өткен жылмен салыстырғанда 2,2% - ға (2021 жылы 36%) өсті. Алайда, олармен бірге мұндай проблемалармен жиі кездесетіні

туралы жауап берушілер пайызының шамалы, яғни 1,3%-ға өсуі байқалады (2021 жылы 3,4%).



Егер жауаптарды жас санаттары бойынша қарастыратын болсақ, онда 33-суретте көрсетілгендей, 10-11 жастағы респонденттердің жауаптарының жартысына жуығы (43,4%) «жоқ, ешқашан кездескен жоқ» десе, тек 3,4%-ы жиі кездесетінін айтады. Топ негұрлым ересек болған сайын, құқықтары жиі бұзылады дегендердің үлесі арта түседі, бұл әсіресе 12-15 жас аралығындағы балаларда арасында байқалады. Мұнда 5,1% жиі, 3,8% тұрақты кездеседі деп жауап берді.



33-сурет. Жас топтары бойынша бала құқықтарының бұзылу жисілігі, %-бен

Өнірлер бөлінісіндегі бұл көрсеткіштер былайша көрінеді: саул намаға қатысқандар респонденттердің көпшілігі құқықтарының кейде бұзылатынын көрсетеді, мұнда 12-15 жас тобында ең жоғары көрсеткіш – 15% және одан

жоғары: ең жоғары көрсеткіштер Ақмола (22,72%), Абай (21,19%), Алматы (23,75%) облыстарында байқалады. Сонымен қатар 12-15 жас аралығында да құқықтар жиі бұзылады, мұнда Шымкент қ. (4,56%), Түркістан (3,36%), Атырау (3,55%), Алматы (3,3%) облыстары атап өтіледі (16-кесте).

16-кесте. Өнірлер бөлінісінде жас топтары бойынша бала құқықтарының бұзылу жисілігі

№	Облыстың атауы	Иә, үнемі			Иә, жиі			Иә, кейде		
		10-11 жас	12-15 жас	16-18 жас	10-11 жас	12-15 жас	16-18 жас	10-11 жас	12-15 жас	16-18 жас
1	Абай	0,88	3,33	0,70	0,18	2,80	0,35	3,68	21,19	6,65
2	Ақмола	0,25	1,25	0,50	0,62	2,62	1,00	6,37	22,72	3,50
3	Ақтөбе	0,43	2,14	0,21	1,28	2,14	1,28	8,55	15,60	3,85
4	Алматы	0,91	2,42	0,77	0,49	3,30	0,95	4,88	23,75	4,63
5	Атырау	0,93	2,04	0,24	0,93	3,55	0,40	7,57	17,67	2,65
6	Батыс-Қазақстан	1,27	2,55	0,26	0,97	3,91	0,40	6,19	18,96	3,51
7	Жамбыл	0,34	1,64	1,31	0,49	2,65	1,05	4,07	19,76	9,94
8	Жетісу	0,99	2,80	0,77	0,63	2,94	0,55	6,75	16,27	3,07
9	Қарағанды	0,55	1,99	0,30	0,48	2,48	0,38	6,27	19,06	3,95
10	Қостанай	0,09	1,38	0,26	0,52	2,15	0,77	5,33	18,40	5,16
11	Қызылорда	0,78	1,55	0,28	0,56	2,61	0,21	7,13	14,61	2,61
12	Маңғыстау	0,39	2,15	0,39	1,37	2,93	1,76	4,10	18,95	7,03
13	Павлодар	1,92	3,21	0,64	0,00	1,28	0,32	4,81	11,54	5,45
14	Солтүстік-Қазақстан	0,46	1,37	0,00	0,80	1,25	0,11	5,58	18,45	5,24
15	Түркістан	1,17	2,57	0,82	1,19	3,36	0,84	8,46	17,23	5,24
16	Ұлытау	0,34	3,44	1,03	0,69	2,75	0,69	4,81	15,12	4,81
17	Шығыс-Қазақстан	0,48	2,08	0,55	0,45	2,67	0,35	6,34	17,04	4,68
18	Астана қ.	0,53	1,94	0,49	0,62	2,77	0,83	6,21	20,34	5,20
19	Алматы қ.	0,41	2,19	0,62	0,49	2,98	0,86	5,23	20,57	5,40
20	Шымкент қ.	1,08	3,38	1,13	1,45	4,56	1,13	6,72	19,29	6,29

Бұдан әрі бала құқықтарының бұзылу түрлері және олардың әрқайсысы бойынша респонденттердің пікірлері қаралады (17-кесте).

Сондай-ақ респонденттерге құқықтарының бұзылу түрлеріне қатысты сұрақтар қойылды. Кестеден көріп отырғанымыздай, респонденттердің 34% - ы әрекет ету еркіндігін шектеуге және жеке өмірге өрескел араласуға тап болды деп жауап берді.

Респонденттердің 30,03% -ы адамдық қадір-қасиетін қорлауға тап болатындарын көрсетсе, респонденттердің 32,35% -ы өздерінің пікірлерінің еленбейтінін және ересектер оларды жеке тұлға ретінде қабылдамайтынын атап өтті.


Сонымен қатар, 25,35% оларға қатысты физикалық және психологиялық жазалау әдістері қолданылатынын айтты.

17-кесте. Бала құқығының бұзылуы

Бала құқықтарын бұзу түрлері	Иә		Жоқ	
	2021	2022	2021	2022
Іс-әрекет бостандығын шектеу, жеке өмірге өрескел араласу	22.0%	34%	61.2%	66%
Қалыпты даму үшін жағдайдың болмауы (түрғын үй, тамақтану, медициналық көмек, демалыс және бос уақыт және т. б.)	13.7%	28,8%	66.1%	71,2%
Адамның қадір-қасиетін қорлау.	21.8%	30%	59.1%	70%
Пікірді елемеу, оны ашық көрсету, ересектер мені жеке тұлға ретінде қабылдамайды	20.8%	32,3%	58.2%	67,6%
Физикалық және психикалық жазалау әдістерін қолдану	14.2%	25,3%	64.0%	74,7%
Жұмыс істеуге, ақша табуға мәжбүрлеу	9.8%	20,7%	67.6%	79,3%
Жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу	9.2%	19,6%	67.5%	80,4%
Ішуге, темекі шегуге, есірткіні қолданып көруге мәжбүрлеу	9.1%	19,1%	68.3%	80,9%
Садақа сұрауға, бөтелкелер жинауға және т. б. мәжбүрлеу	9.1%	19,5%	68.3%	80,5%


2021 жылғы нәтижелермен салыстырғанда, көпшілік «Іс-әрекет бостандығын шектеу, жеке өмірге дөрекі араласу» - 22,1% және «Адамның қадір - қасиетін қорлау, кемсіту» - 21,8% көрсettі, 2022 жылды респонденттер арасында «Іс-әрекет бостандығын шектеу, жеке өмірге дөрекі араласу» - 34,2% қатар, бұзушылықтың тағы бір түрі «Пікірді елемеу, оны ашық көрсету, ересектер мені тұлға ретінде қабылдамайды» - 32,35% байқалды.

Бұдан әрі респонденттердің «Адамның қадір-қасиетін қорлау, кемсіту» тармағы бойынша өнірлер бөлінісіндегі жауаптары ұсынылды. Оң жауаптар арасында Алматы облысы (34,8%), Шымкент қ. (32,8%), Ақтөбе облысы (32,3%) (34-сурет).



34-сурет. Адамның қадір-қасиетін қорлау, кемсіту (өнірлер бойынша, %-бен)


«Дене және психикалық жазалау әдістерін қолдану» тармағы бойынша өнірлер бөлінісінде оң жауап бергендердің ең көп пайызы Шымкент қ. (29%), Алматы (28,4%), Абай (28%), Ақтөбе (27,6%) облыстарында байқалады (35-сурет).



35-сурет. Дене және психикалық жазалашу әдістерін қолдану
(өнімдер бөлінісінде, % - бен)

Жұмыс істеуге, ақша табуға мәжбүрлеу туралы сұраққа иә жауап берген респонденттердің арасында – Павлодар (24,7%), Алматы және Ақтөбе облыстарының 24,4% көрсетеді (36-сурет).


Жоқ деп жауап бергендердің ең көп пайызы Маңғыстау (84,6%), Солтүстік Қазақстан (84,1%), Қызылорда (84,1%) облыстарында байқалады.



36-сурет. . Жұмыс істеуге, ақша табуға мәжбүрлеу
(өнірлер бөлінісінде, % - бен)


«Сіздің құқықтарыңызды кім жиі бұзады?» сұрағының жауабы 37-суретте берілген. Респонденттердің 26,2% - ы сыныптастары/курстастары, 10,7% - ы мұғалімдер немесе тәрбиешілер, 7,7% - ы туыстары (ағалары, тәтелері, әжелері және т. б.). 49,2% - ы «басқа» жауап нұсқасын таңдады, олардың арасында негізінен "ешкім", "жауап беру қын"," көшеде", «басқа бейтаныс адамдар» деген жауаптар болды. Бұл деректер сыныптастары/курстастары тарапынан құқықтардың бұзылуының әлі де жоғары көрсеткіші бар екенін көрсетеді. Бұл білім беру ортасындағы қорқытуды, зорлық-зомбылықты болдырмаудың, алдын алушының өте маңызды екенін және осы мәселеге әсер етуі мүмкін басқарудың барлық деңгейлері мен стейкхолдер топтарын қамтуы керек екенін көрсетеді.

2021 жылғы сауалнама кезінде де құқық бұзушылықтардың негізгі көздері басқа адамдар екені - 53,1% -бен көрсетілген, респонденттердің 26% - ы өз құқықтарын сыныптастары мен курсастары, 10,5% - ы мұғалімдер және 6,9% - ы ата-аналар (қамқоршылар) бұзады деп жауап берген. Жауаптар арасындағы пайыздық қатынас айтарлықтай өзгерген жоқ.




37-сурет. Бала құқықтарын басқа адамдар тарапынан бұзылуы

Ары қарай 38-суретте өнірлер бөлінісі бойынша бала құқығының сыныптастары/курстистары тарыпанан бұзылуы қарастырылған. Бұл тармақ бойынша ең көп пайыз Түркістан (31,4%), Батыс-Қазақстан (29,9%) облыстарында, Шымкент қаласында (29,4%) байқалады.



38-сурет . Бала құқығының сыйыптастары/курстастары тарапынан бұзылуы (өнірлер бөлінісінде, %)

Өнірлер бөлінісі бойынша бала құқығының мұғалімдер (немесе тәрбиешілер) тарапынан бұзылуы келесі деректердің көрсетеді: он жауап берген респонденттердің ең көп пайызы Маңғыстау облысында (15%), одан кейін Астана (12,9%) және Алматы (12,2%) қалалары мен Алматы облысында (12,1%) байқалады. Он жауап бергендердің ең аз пайызы Павлодар облысында байқалады (7,7%) (39-сурет).



39-сурет. Бала құқығының мұғалімдер (немесе тәрбиешілер) тарапынан бұзылуы, өнірлер бөлінісінде %

Әрі қарай, респонденттерге өз құқықтары бұзылған жағдайда жүгінуге болатын адамдарды атап өту қажет болды (18-кесте). Саудалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі - 60.2%-ы ата-аналарына (қамқоршыларына) жүгінетіндерін айтты, жоғары көрсеткішті берген келесі жауап – «Ешкімге емес, мен өз құқығымды қорғауға және сақтауға тырысамын» -21%.

18-кесте. Құқығының бұзылған жағдайда кімге жүргінесіз?

Ата -анаға (қамқоршыға)	60,2%
түйсқандарға	1,2%
мұғалімге/мектеп әкімшілігіне	3,8%
достарға	3,8%
полицияға	5,5%
ешкімге, өз мқұқығымды өзім қорғауға тырысамын	21,0%

<i>Бала құқығын қорғау жөніндегі тегін</i> желіге телефон арқылы хабарлаймын (сенім телефоны) - 150.	3,8%
Telegram арнасындағы - «bala qorgaý» (бала қорғау) чатына хабарлама жасаймын	0,8%

Бұдан әрі жауаптар келесідей бөлінді: мұғалімдерге/мектеп әкімшілігіне және достарына-3,8%, полицияға-5,5%, Балалардың құқықтарын қорғау бойынша тегін желі телефонына (сенім телефоны) – 150 – 3,8% хабарлаймын, Telegram-дағы чат - арнада "bala qorgaý" (бала қорғау) хабарлама жасаймын-0,8%. Арнайы Сенім телефондары мен әлеуметтік желі арналарын белгілегендердің аз пайыз болуы көптеген балалардың мұндай арналардың жұмысы туралы білмейтіндігін байқатады.

Корытынды: балалардың 85% - дан 95,7% - на дейін көрсеткеніндей, Қазақстанда бала құқықтары сақталады немесе оларды сақтауға жағдай жасалған деп тұжырымдауға болады. 38,2%-ы бала құқықтарының бұзылуымен ешқашан кездескен емес, ал осы мәселеге үнемі тап болатын балалардың үлесі – 3,7%.

Құқық бұзуышылтықтардың негізгі түрлеріне респонденттердің 34% - ы белгілегендей, әрекет ету бостандығын шектеу және жеке өмірге өрескел араласу болып табылады.

Респонденттердің 30,03%-ы адамның қадір-қасиетін қорлау мен кемсітүге тап болатындарын, ал респонденттердің 32,35%-ы пікірлерінің еленбейтінін және ересектер оларды жеке тұлға ретінде қабылдамайтынын атап өтті.

Сонымен қатар, 25,35%-ы өздеріне қатысты дене және психологиялық жазалау әдістері қолданылатынын айтқан.

Бала құқықтарының бұзылуы жағдайында 60,2%-ы ата-аналарға (камқоршыларға) жүгінетіндерін білдірсе, жоғары көрсеткішті берген келесі жауап – «Ешкімге емес, мен өз құқығымды қорғауга және сақтауға тырысамын» -21% береді. Мұндай пайыз балалардың өз құқықтарын жақсы білетіндігін және қажет болған жағдайда өз құқықтарын қорғай алатындығын білдіруі мүмкін.


Құқықтары «кеиде» бұзылады деп санайтын респонденттердің көпшілігі 12-15 жас тобында, мұнда ең жоғары көрсеткіш – 15% және одан жоғары: ең көп Ақмола (22,72%), Абай (21,19%), Алматы (23,75%) оюлыстарында. 12-15 жас аралығындағы топтарда құқықтары «жиі» бұзылатынын көрсеткен өнірлер Шымкент қ. (4,56%) және Түркістан (3,36%), Атырау (3,55%), Алматы (3,3%) облыстары атап өтіледі.

Өнірлер бөлінісі бойынша сыныптастары/курстастары тарапынан бала құқықтарының бұзылуының ең жоғары пайызды Түркістан (31,4%), Батыс Қазақстан облыстарында (29,9%), Шымкент қаласында (29,4%) кездеседі.

Өнірлер бөлінісі бойынша мұғалімдердің (немесе тәрбиешілердің) тарапынан бала құқықтарының бұзылуы: оң жауап берген респонденттердің ең көп пайызы Маңғыстау облысында (15%), одан кейін Астана (12,9%) және Алматы (12,2%) қалалары мен Алматы облысында (12,1%) байқалады. Оң жауап бергендердің ең аз пайызы Павлодар облысында байқалады (7,7%).

2.12 Респонденттердің құқықтық сауаттылық деңгейіне қанағаттану дәрежесі

«Сіз балалардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты өзіңіздің құқықтық сауаттылық деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағына 41,7% толық қанағаттанады, 35,4% шамамен қанағаттанады, 10,7% жуығы шамамен қанағаттанбайды немесе толық қанағаттанбайтындарын білдірді (40-сурет).



40-сурет. Балалардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты өзінің құқықтық сауаттылық деңгейіне қанағаттану дәрежесі?

"Сіз өзіңіздің құқықтарыңыз туралы көбірек білгініз келе ме?" деген сұраққа сауалнамаға қатысқан респонденттердің 77,89% -ы «иә» деп жауап берді. Өнірлер бөлінісі бойынша Түркістан облысында (85,88%), Шымкент қаласында (82,81%) және Қызылорда (86,17%), Жетісу (82,30%) облыстарында


құқықтық сауаттылық деңгейін арттыруға көбірек ниет білдіргендер байқалады (19-кесте).

Ең азы Астана қаласында (67,82%) және Қостанай (68,70%), Солтүстік Қазақстан (68,71%), Ақмола (69,41%) облыстарында байқалды.

*19-кесте. Өзініздің құқықтарыңыз туралы көбірек білгініз келеді ме?
(респонденттердің жауабы облыстар бойынша)*

№	Облыс атауы	саны	%-бен
1	Абай	430	75,31
2	Ақмола	556	69,41
3	Ақтөбе	379	80,98
4	Алматы	2105	73,86
5	Атырау	5077	76,14
6	Батыс-Қазақстан	1868	82,00
7	Жамбыл	2158	80,61
8	Жетісу	2999	82,30
9	Қарағанды	5013	71,16
10	Қостанай	799	68,70
11	Қызылорда	1221	86,17
12	Манғыстау	396	77,34
13	Павлодар	226	72,44
14	Солтүстік-Қазақстан	605	68,91
15	Түркістан	18327	85,88
16	Ұлытау	232	79,73
17	Шығыс-Қазақстан	2176	75,37
18	Астана қ.	7116	67,82
19	Алматы қ.	3911	73,34
20	Шымкент қ.	3305	82,81
	Барлығы	58899	77,89

"Қорғаншылық және қамқоршылық органдары қызметкерлерінің жұмыс сапасын жақсарту қажет деп санайсыз ба?" сұрағына респонденттердің 59,8% -ы қорғаншылық және қамқоршылық органдары қызметкерлерінің жұмыс сапасын жақсарту қажет деп санайды, 30,3% -ына жауап беру қынға соқты, тек 9,9% -ы жақсартудың қажеті жоқ екенін атап өтті. Бұл көрсеткіш қорғаншылық және қамқоршылық органдары көрсететін қызметтердің сапасына қанағаттанудың орташа дәрежесін көрсетеді.



41-сурет. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары қызметкерлерінің жұмыс сапасын жақсарту қажет деп санайсыз ба?

